

**Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінде «5B020600 –
Дінтану» мамандығы бойынша шығармашылық емтихан өткізу туралы
ереже**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Арнайы немесе шығармашылық емтихандарды өткізу қағидалары (бұдан әрі - шығармашылық емтихан) Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінде шығармашылық даярлықты талап ететін Дінтану мамандығына түсетін талапкерлер үшін өткізіледі.

2. Шығармашылық емтиханның мақсаты талапкерлердің шығармашылық қабілеттерінің және шығармашылық; бағыттағы кәсіптерді меңгерудегі тұлғалық алғышарттарының болуын тексеру болып табылады.

3. Шығармашылық; емтихандарды Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінде құрылған қабылдау комиссиясы өткізеді.

4. Әрбір мамандық бойынша шығармашылық емтиханның саны екіге тең.

5. Шығармашылық емтихан 2016 ж 2-7 шілде аралығында өткізіледі.

6. Мамандық бойынша шығармашылық емтихандарды өткізу нысаны мен мазмұны жоғары оқу орнымен дербес анықталады.

7. Шығармашылық емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін құрамы Нұр-Мұбарак ЕИМУ ректордың бұйрығымен бекітілетін пәндік комиссиялар құрылады.

8. Шығармашылық емтихандардың кестесін (пәннің атауы, күні, уақыты және өткізілетін орны, кеңестер, нәтижелерді жариялау күні) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттар қабылдау басталғаннан кешіктірілмей талапкерлердің назарына жеткізіледі.

9. Нұр-Мұбарак ЕИМУ өткізетін шығармашылық емтихандар 25 балдық жүйе бойынша бағаланады. Шығармашылық емтиханның нәтижесі бойынша, олардың сәтті өткенін растайтын ең төменгі балл саны - 10 балл.

10. Бірінші шығармашылық емтиханда белгіленген балл санынан кем алған талапкерлер келесі емтиханға жіберілмейді.